

2. Республика Казахстан. Постановление Кабинета Министров. 13 июля 1994 г. № 790. О строительстве экспортного нефтепровода системы трубопроводного консорциума Тенгиз — Атырау — Астрахань — Новороссийск // Справочная правовая система «ПАРАГРАФ».

4. Каримова Д. КазТрансОйл развивает зарубежные активы // Бизнес и власть. 13.08.2010 г.

5. КазМунайГаз: позитивный тренд по основным показателям // Деловой Казахстан. 1.04.2011 г.

In article the author considers some questions connected with development of system of transportation of oil at the present stage. In particular, questions of participation in such transportation of National companies Kazmunajgaz and Kaztransoil are considered. The description of agreements on oil transportation is resulted.

Автор мақаллада қазіргі кезеңдегі мұнай тасымалдауды дамытуға қатысты жүйелерін талдайды. Мұнда казмұнайгаз және Қазтасымалойлдың Ұлттық серіктестіктерінің тасымалдауындағы мәселелер қаралады. Мұнай тасымалдау бойынша келісімдерді сипаттайды.

А. Кесебаева

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Кез келген құқық саласы сияқты экологиялық заңнаманың даму негізі табиғат-қоғам қатынастарын реттеудегі мемлекеттің жалпы концептуалды әрекеттерін анықтайтын ҚР Конституциясы болып табылады. Онда азаматтардың негізгі экономикалық құқықтары мен міндеттері бекітіліп, экологиялық тұрғыдан тиімді әрекеттерді қолдау көрсетілген. ҚР Конституциясы негізінде қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар кешенін біріктіретін экологиялық заңнама және жекелеген табиғат объектілері туралы нормативтік-құқықтық актілердің жүйесі қалыптасқан. Сонымен қатар, соңғы жылдары барлық заңнаманы экологизациялау назарға алынуда. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық қатынастардың кешені денсаулық сақтау, сот жүйесі, жергілікті өзін-өзі басқару, салық салу туралы т.б заңнамалармен де реттеледі. Қоршаған ортаны қорғау саласын құқықтық тұрғыдан қолдау осылай жүзеге асырылып отырғанына қарамастан бүгінгі таңда мемлекетімізде шешуі қиын экологиялық мәселелер орын алып отыр. Соның бірі, әлем жұртшылығын алаңдатып отырған - Арал теңізінің экологиялық жағдайы.

Арал теңізі - Қазақстанның інжу-маржаны. Арал теңізі ірі экологиялық апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі - 1066 км, тереңдігі - 30-60 м, тұздылығы - 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. 1966 жылдардан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Осы аймақтағы игерілетін жер көлемі бұрынғыдан Өзбекстан мен Тәжікстан 1,5, Түрікменстанда 2,4, Қазақстанда 1,7 есеге өсті. Ал Амудария мен Сырдария бойындағы халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай, 1970-1980 жылдар аралығында Аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері - антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы Шардара) суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі, сонымен қатар ауылшаруашылығының басқа да салалары қарқынды дамыды. Өзен бойлары игеріліп, суды ысыраппен пайдалану жүзеге асты. Мәселен, Аралға 1960-1965 жылдар арасында 44 мың м³ су құйылса, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде, Арал теңізінің деңгейі 23 м-ге дейін төмендеп, оның су айдыны 30-200 км-ге дейін қусырылды. Судың тұздылығы 40 %-ға дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен химиялық препараттарды қолдану бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Тыңайтқыштарды қолдану 10-15 есеге өскен. Осындай антропогендік факторлар Арал өңірін экологиялық апатқа ұшыратты. Құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналаға зияндылығы өте жоғары 2 млн. тонна тұзды шаңдар көтеріліп, желмен тарай бастады [1].

Сонымен, Арал апатына себеп болған факторларға:

- жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;
- ауылшаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;
- суды өте көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарын барынша көбейтіп жіберу;
- жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау және суды үнемді пайдаланбау;
- табиғат ресурстарын пайдаланудағы жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады.

Осы аталған факторлар Арал теңізі экожүйесіндегі тіршілік атаулыны экологиялық дағдарысқа әкелді. Бұл жағдайлар адам баласының қолдан істеген қателігі ретінде дүниежүзіне белгілі болды. Арал өңірінде туындап отырған қазіргі экологиялық апаттар нышаны жыл өткен сайын теңіз суын таратуда. Оның фаунасы мен флорасы жойылып бітуге жақын. Топырақтың тұздануы өте жылдам

жүруде. Арал теңізінде балық өсіру шаруашылығы тоқталып, соңғы 1-2 жылда ғана қайта қолға алынды. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздардың мөлшері жылына 13-20 млн. тонна деп есептеледі. Тіптен, тұзды шаңдар әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауылшаруашылығына зардабын тигізуде. Арал өңіріндегі климаттың өзгеруі шөл белдеменің табиғи ландшафтарын бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз атропогендік экожүйелерге қарай ығыстыруда. Арал өңіріндегі антропогендік факторлар ондағы тұрғындардың салт-дәстүрлеріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде. Жұмыссыз қалған балықшылар әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалып, басқа аймақтарға еріксіз қоныс аударуда. 1992 жылы 18 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан елінің Жоғарғы Кеңесі «Арал аймағы тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын түбегейлі жақсартудың бірінші кезектегі шаралары туралы» жарлық шығарса, сол жылдың 11 сәуірінде Ресей Федерациясының президенті Б. Ельцин «Биологиялық қару жөніндегі халықаралық келісімді орындауды қамтамасыз ету туралы» № 390-жарлыққа қол қойды. Ажал аралына айналған Возрождение әскери сынақ нысаны осыдан кейін барып қана жабылған еді. Бірақ, әскери нысанды жапқанмен, басты қауіп әлі алда болатын: ол - аралдың мүлде қараусыз қалып, ондағы бактериялар мен вирустардың ауа арқылы жан-жаққа таралу қатерінің зор екендігі байқалатын. Өзбекстан жағы американдық мамандарды шақырып, 1995 жылы олар Возрождение аралына жасырын келіп, әлгі жерасты моласындағы антракс ұнтағын алып, соған тәжірибе жасаған. Сөйтсе, антракс споралары жер астында 10 жыл көміліп жатқанына қарамастан, өз күшін әлі жоймаған болып шығыпты. АҚШ бактериологтары сол өзбек жағының шақыруымен аралға тағы да екі рет (1997, 1999 жылдары) келіп, әлгі антракс спораларына американдық вакциналары төтеп бере ала ма, жоқ па, соны тексеріп, тәжірибе оң нәтиже бергеннен кейін ғана барып кемелденсе керек»[2].

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Арал өңіріндегі экологиялық қасірет аумағы: экологиялық апат; экологиялық дағдарыс жағдайындағы аймақтар болып экологиялық зияндылықтың үш деңгейі анықталды [3]. Бұл сол кездегі Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының ғылыми тұжырымдарына негізделген болатын. Оған сәйкес экологиялық апат аймағына Қызылорда облысындағы Арал және Қазалы аудандары және Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданы аумақтары, экологиялық дағдарыс аймағына Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарынан басқа барлық аудандарының аумақтары, ал экологиялық дағдарыс жағдайындағы аймаққа Ақтөбе облысының Байғанин, Бұғарал, Мұғалжар, Темір аудандары, Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс, Отырар, Созақ, Шардара аудандары және Түркістан, Арыс қалалары, сондай-ақ Қарағанды облысының Ұлытау ауданы аумақтары жатқызылған. Егер аталмыш заңның 1992 жылы қабылданғанын ескерсек, оның үстіне Елбасымыздың халықаралық қызметінің нәтижесінде қолға алынған халықаралық қауымдастық тарапынан жасалып келген және республика Үкіметі тарапынан жүргізіліп келе жатқан аймақ экологиясын сауықтыруға бағытталған жұмыстарды есепке алсақ, осы уақыт ішінде аймақтың экологиялық жағдайын қаншалықты өзгерді деген сұрақ туындайды. Осы орайда 2006 жылы 26 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Арал аймағы мәселелерін кешенді шешу бойынша бағдарламаға қарасақ, онда аймақтың экологиялық ахуалы қолданылған шараларға қарамастан күрделі күйінде қалып отырғандығы айтылады.

1993 жылдың наурызында Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қызылорда қаласында Арал проблемаларына арналған алғашқы Халықаралық конференция өтті. Жаңадан тәуелсіздік алған Орта Азия мемлекеттері - Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасының мемлекет басшыларының шешімімен мемлекетаралық координациялық су шаруашылығы комиссиясы құрылды. Конференцияда Халықаралық Аралды сақтап қалу қоры құрылып, оны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев басқарды. Орта Азия мемлекеттерінде жаһандық экологиялық қордың Арал теңізі бассейнінде су ресурстары және қоршаған ортаны басқару ұлттық топтары жұмыс істей бастады [4].

Халықаралық Аралды қорғау қорының президенті Алмабек Нұрышев өзінің сұхбатында: «Осы уақытқа дейін теңізді қайта тірілту бағытында біраз жұмыстар жасалды. Әрине, Арал таяу арада бұрынғыдай бола қоймас. Алайда, Солтүстік Аралды әлі де сақтап қалу мүмкіндігі бар. 1994 жылы Аралмен шектесетін 5 ел президенттерінің келісімімен Солтүстік Аралды сақтап қалу туралы шешім қабылданды. Содан бері барлық жұмыс пен қаржы да осы мақсатқа жұмсалып келеді. 1996-1997 жылдары қордың бастамасымен Сырдарияның Арал теңізіне құятын Солтүстік бөлігіне бөгет салынды. Бұл бөгетті салу үшін Қазақстан 60 млн. теңге бөлді. Қалған қаржыны Дүниежүзілік банк берді. Бөгеттің салынуымен Солтүстік Арал біршама жанданып қалды. Қазір де бұл іс-шаралар өз жалғасын табуда. Жақында Дүниежүзілік банктен 1,5 млрд. доллар алдық. Бұл қаржы Арал теңізін Арал қаласына дейін жеткізуге жұмсалмақ» - деді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығымен мақұлданған ҚР-дың 20004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында атап көрсеткендей, экологиялық қауіпсіздіктің негізгі міндеттерінің біріне экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалту жатады [5]. Міне осы айтылған жәйттердің бәрі біздің өңірден тиісті өз орындарын алады. Мысалы, Арал апат аймағын, «Байқоңыр» ғарыш аймағын және қауіпті «Возрождение» аралын бұған жатқызуға әбден болады. Демек, бұлардың қолайсыз экологиялық зардаптарының өңір халқының денсаулығына айтарлықтай зияндарын тигізіп келеді. Жеке тоқтап айтар болсақ, Арал өңірі экологиялық аймағында (186,3 мың халқы бар 178 елді-мекен) тұрады. Сондай-ақ бұл өңір тұрғындарында ішек-қарын аурулары мен қан аздығы, әсіресе әйелдер мен балалар арасында балалар өлімі мен туа біткен аурулар және балалардың жүйке аурулары көбею үстінде. Мысалы, облыста 2001-2003 жылдар аралығында 1408 бала алғаш тер мүгедектігіне куәландырылды. Демек, балаларды мүгедектікке шалдықтырып отырған негізгі аурулардың ішінде белді орынды жүйке (нерв жүйесі) аурулары иеленеді. Өткен жылы куәландырылған 355 баланың 104-і (29,9%) ал қайта куәландырылған 1186 баланың 364 (30,6%) осындай науқасқа шалдыққан. 2002 жылы бұл көрсеткіш 458 баланың 108-і (23,5%), қайта куәландырылған 1293 баланың 433-ін (33,4%) құраған-ды. Сондай-ақ өткен жылы алғаш рет 84 бала ақыл-есі кем балалар санатына жатқызылса, қайта куәландырылғандардан өткен жылы 250 бала (2002 жылы-317) осы дертке шалдыққан. Ал, былтыр 62 бала (2002 жылы – 98) туа бітті кемтарлыққа ұшыраған. Облыс бойынша жалпы мүгедек балалардың 2003 жылы 1541 баланың 468-нің (2002 жылы – 1751 баланың 541) жүйке ауруына шалдыққаны анықталды. Демек осы науқастың түрі балалар арасында жылдан-жылға етек алып келеді.

Арал теңізін құтқару жөнінде бірнеше ғылыми болжамдар мен жобалар бар. Олар:

1. Сібір өзендерін Қазақстанға бұру.
2. Амудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы суды молайту.
3. Арал теңізін жартылай сақтап қалу.
4. Каспий теңізінің суын жасанды канал арқылы әкелу.
5. Жер асты суларын пайдалану.
6. Арал теңізінің өздігінен табиғи реттелуін немесе толысуын күту.

Аралды құтқару халықаралық қоры құрылғаннан бері Орталық Азия Басшыларымен Арал теңізі бассейнінде экологиялық және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығу мен аймақтағы жағдайды жақсарту мақсатында Нүкүс (1995 ж.), Алматы (1997 ж.), Ашхабад (1999 ж.), Душанбе (2002 ж.) Декларациялары қабылданды.

Нүкүс декларациясының міндетемелер бөлімінде былай делінген:

Тұрақты даму принциптерімен Арал дағдарысын шешу жөнінде көпжылдық стратегиялар мен бағдарламаларды мына жолдармен дамыту және іске асыру қажет:

- тұрақты дамытудың негізі ретінде су, жер, биологиялық ресурстардың мағыналы маңыздылығын тану;

- ауыл және орман шаруашылығы жүйесінде баланс жасау мен ғылыми негіздемеге көшу;

- су ресурстарын пайдаланудың экономикалық әдісін құрастыру, суару және қоршаған ортаны қорғау жаңа технологияларын пайдалану арқылы жер суландырудың (ирригацияның) тиімділігін арттыру;

- жер және су ресурстарын пайдаланудың ұзақ мерзімді түрлерін ынталандыру.

Бір уақытта болашақ ұрпақ үшін келешекте лайықты өмір қамтамасыз ете отырып, адам өмірінің (тұрмысының) дәрежесін төмендетуді болдырмау жолдары:

- адам денсаулығын жақсартуға, тұрмыс дәрежесін көтеруге және мәдени мұраны сақтауға бағытталған бастамалықтарға қолғабыс ету;

Аймақтағы табиғи ресурстарды кешенді басқаруды жетілдіру жолдары:

- қоршаған ортаның, әсіресе су ресурстарының жағдайын қадағалаудың аймақтық жүйесін құру;

- қоршаған орта мониторингі жөнінде ақпаратпен алмасу жүйесін құру;

- экологиялық стандарттарды және оған байланысты заңнамаларды үндестіру [6].

Әрине, бұл жобалар болашақтың ісі болғанымен, уақыт талабы оны күттірмейді. Бәрі де қаражатқа тірелуі мүмкін. Ал оның іске асуы адамзат қауымының білімі мен біліктілігіне байланысты екені анық. Арал мен Каспийдің аянышты тағдыры біздің бәріміз үшін табиғатқа жәй көзбен қарауға болмайтынын, қоршаған ортамен қарым-қатынас кезінде әрбір жан жасаған іс-әрекетінің нәтижелері жайлы жиі ойлау керектігін үйрететін маңызды сабақ, қатал ескерту болып табылады.

2. Мамашарипова Г.А. Арал теңізінің су-экологиялық мәселелері мен Семей аймағының экологиялық мәселелері және БҰҰ даму бағдарламасының рөлі // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. - Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. - 2008. - № 1. - 34-39 бб.

3. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңы

4. Айдосов А. Арал теңізі бассейнінің кеңістігіндегі әлеуметтану мәселелері // Ізденіс. - Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2008. - № 2. - 163-167 бб.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығымен мақұлданған ҚР-дың 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы

6. 20 қыркүйек 1995 жылғы Нүкүс Декларациясы.

This article deals with the problems of legal regulation of ecological state of the Aral Sea region

Данная статья посвящена проблемам правового регулирования экологического состояния Аральского региона

Г. Ихсанова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР САЛЫҒЫН ТӨЛЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жер салық салудың алғашқы объектілерінің бірі болып табылады. Жер салығы – ежелгі салықтардың бірі. Бастапқыда жер салықтары негізінен заттай нысанда төленген және ежелгі дүние және орта ғасыр мемлекеттерінің салық жүйесінде орталық орын алған. Мысалы: өте ерте кездегі Хаммурапи заңдары бойынша алым міндетті төлемдердің қатарына жатқызылған. Алымды төлеуші ретінде еркін жер иелері мен шаруалар болған және бұл алым түрі заттай, бидаймен, малмен, шаруалардың бұйымдарымен төленіп отырған [1].

Салық салудың эволюциясы таза табысқа салық салу және жер табысына қатысушы тұлғаларды – меншік иесі мен жер пайдаланушыларды шектеу бағытында жүрді. Жер салығы тек жердің меншік иесіне ғана емес, жер пайдаланушылардан да алынды. Сонымен қатар, жерге салық салудың тарихи даму барысында оның негіздері жер алаңы, жалпы өнім және таза жер рентасы болған [2].

Егеменді Қазақстанда жер салығы 17 желтоқсан 1991 жылғы «Жер салығы туралы» арнайы заңмен енгізілген [3]. Аталған заңға сәйкес, жер салығының мақсаты жердің ұтымды пайдаланылуын экономикалық әдістермен қамтамасыз ету және жерге орналастыру, жердің құнарлығын арттыру, оны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ аймақты әлеуметтік-мәдени дамыту үшін бюджет кірісін қалыптастыру болып табылды. Жер салығының мөлшері жер учаскесінің сапасына, орналасуына, сумен қамтамасыз етілуіне қарай айқындалды және жер иеленуші мен жер пайдаланушының шаруашылық және өзге қызметінің нәтижесіне байланысты болмады.

Ал салық салу объектісі болып, ауылшаруашылығы мақсатындағы, елді-мекендердің, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге мақсаттағы, сауықтыру және тынығу мақсатындағы, орман қорының, су қорының жерлері танылды. Жер салығын иелігінде немесе пайдалануында жер учаскелері бар Қазақстан Республикасының азаматтары, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар төлеп отырды. Сонымен қатар, жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын колхоздар, созхоздар және басқа ауылшаруашылық кәсіпорындары бірыңғай жер салығын төлейді және пайдаға салынатын транспорт құралдарына, өздігінен жүретін машиналар мен механизмдерге салынатын салықтан босатылған.

Жалпы, жер салығының анықтамасы заңды түрде белгіленбеген. Отандық ғалым И.Г. Архиповтың пікірі бойынша, жер салығы жер иесімен немесе алғашқы жер пайдаланушымен жылына бір рет мемлекетпен белгіленген ставка көлемінде төленетін жер учаскесінің бірлігіне төленетін міндетті қайтарымсыз ақысыз төлем түрі болып табылады, - деген болатын [4]. Қазақстан Республикасының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексінің (әрі қарай салық кодексі) 10-бап 17-тармағына сәйкес, салық дегеніміз - заңды түрде мемлекетпен біржақты өктем бекітілген, белгіленген мөлшерде анықталатын, қайтарымсыз және ақысыз сипаттағы бюджетке төленетін міндетті төлем болып табылады [5]. Сәйкесінше, жер салығы дегеніміз - жеке меншік құқығындағы, тұрақты жер пайдалану құқығындағы, бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар төлейтін заңды түрде мемлекетпен біржақты өктем бекітілген, белгіленген мөлшерде анықталатын, қайтарымсыз және ақысыз сипаттағы бюджетке төленетін міндетті төлем болып табылады.

Жоғарыда берілген анықтамадан, құқықтық категория ретінде құқықтық белгілерін бөліп алуға болады.